

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2256

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Заң күші бар Жарлығын U952255_ жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Заң актілерін Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Заң күші бар бар Жарлығына сәйкес келтіру Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс берсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін Қазақстан

Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтірілсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарын және мемлекеттік комитеттерінің аталған Жарлыққа қайшы келетін өздерінің нормативтік актілері мен нұсқаулықтарын қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті